

## Ж.Ш.Жұмагелдин

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Ж.Әбдіраш эпиграммаларының стильдік ерекшеліктері**

Мақалада қазақтың талантты ақындарының бірі — Жарасқан Әбдірашев поэзиясының стильдік ерекшеліктері, ақын эпиграммаларының құрылымдық, мазмұндық, тілдік ерекшеліктері қарастырылды. Ақынның поэзиясындағы қаламдастарының болмысы мен мінезі кейде уытты әзіл, кейде ащылау сықақ арқылы өрнектелген эпиграммаларының көркемдік ерекшеліктері сараланған. Ұлттық поэзиямыздағы ішкі жанрлық түрлерді дамытуда, соның ішінде эпиграмма жанрының заңдылықтарын толық сақтай отырып, оны ұлттық ерекшелікке сай туындатуда, зор мүмкіндігін анықтауда үлес қосқан ақынның шеберлігі сөз болады. Эпиграмmanın өзегі — сөзді ойната білу, тапқырлық, қысқа да болса нұсқалық болса, осы шарттар толығымен Жарасқан поэзиясында сәтімен үйлескендігі көрсетілген.

*Кілтті сөздер:* эпиграмма, жанр, құрылым, мазмұн, көркемдік ерекшеліктер, жинақ, стильдік ізденіс, қайталау, сөз ойнату, тапқырлық, мінез-құлық, ұлттық сипат.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы эпиграмма жанры Ж.Әбдірашевтың есімімен тығыз байланысты. Себебі бұл жанрдың ұлттық әдебиетімізде жанр ретінде тамыр жаюына ақынның үлесі зор. Поэзияда қайталанбас даралығымен мойындалған ақынның эпиграмма жанрындағы шеберлігі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Біз мақалада ақынның стильдік ерекшеліктерін айқындау мақсатында назар аударатынымыз — ақын эпиграммаларының құрылымдық, мазмұндық, тілдік ерекшеліктері.

Ж.Әбдірашев эпиграммалары «Әзілің жарасса» деген атпен жарық көрді. Кейіннен 2001 жылы шыққан «Құлпытас» жинағына енді. Жинақтың құрылымдық сипатының өзі жүйелі түрде түзілген. Әдеби қауымдағы алдыңғы буын, кейінгі буын өкілдерінің мінезі мен болмысын, әрқайсысының ерекшелігін қалтықсыз аңғарып, қапысыз бейнелеген ақын эпиграммалары жанрдың барлық талаптарына жауап берумен бірге, тілдік құнары, көркемдігі, өткірлігі жағынан 70–80-жылдар поэзиясындағы үлкен жетістікті, ұлттық поэзиямыздың зор мүмкіндіктерін танытады. Әрине, бұл жанрдағы туындыларынан ұлттық сипат та айқын көрінеді. Ең әуелі ақын өзі сөз арнайтын адамның жас ерешеліктерін ескереді. Осыған орай эпиграммаларын «Әкелерге — наз», «Ағаларға — уәж», «Он жас — о да құрдас», «Бес жас — бел құрдас», «Құлын-тайдай тебіскен» деп жүйелеген. Бұл эпиграммалар, ақын өзі айтқандай, «автордың әдебиетшілермен көп жыл қоян-қолтық араласуының, олардың қаламгерлік те, қарапайым пенделік те мінез-құлықтарын қаламдас һәм замандас көзімен байқап-бақылауының, оны, «аялда, тоқта, қас-қағым» деп Гете айтқандай, қалт жібермей қағазға түсіруге талпыныс жасауының жемісі» [1].

Ақын эпиграммаларында қаламдастар болмысы мен мінезі кейде уытты әзіл, кейде ащылау сықақ арқылы өрнектеледі. Жарасқан Әбдірашев қазақ әдебиетінде эпиграмма жанрын тың өріске шығарып, жаңа биіктерге көтерген ақын. Бұл туралы Қалтай Мұхамеджанов былай дейді: «Жарасқанда ақындардың көпшілігіне біте бермейтін тағы бір қасиеті бар. Ол сатира жанрында да қаламын еркін сілтейді. Әр эпиграммасында ақын алып отырған объектісінің өмірдегі орнын, мінез-құлқын дәлме-дәл көрсетіп, керемет минипортрет, миниобраздар жасайды. Бұл — көрінген ақынның маңдайына жазыла бермейтін байлық» [2].

1989 жылы Жарасқан Әбдірашевтің қазақ әдебиетінде тұңғыш «Әзілің жарасса» деп аталатын кітабы жарық көрді. Бұл жинақты шығаруда Жарасқан Әбдірашевтің көп еңбектенгені байқалады. Ең алдымен, оның өз ортасына, бірге жүрген үлкен-кіші, құрбы-құрдас қаламгерлеріне байыппен, сыни көзбен қарайтыны, олардың әрқайсысының бітім-пішімін, пендешілік әдет-дағдысын аңғара жүретіні байқалады. Соның нәтижесінде ол көптеген ақын, жазушылардың игі істері мен ізгі мінездерін тап басып түсірген. Қалам иелерінің шығармашылықтарындағы, мінез-құлықтарындағы кейбір ерекшеліктерді де дөп басып, көрсете білген тұстары баршылық [3].

*Жіліктеп-ақ береді,*

*Жырдың түрлі жанрын.*

*Бірақ өзі келеді,*

*Тап баса алмай тамырын [4; 45].*

Бұл — ақын С.Баймолдинге арналған эпиграмма. Мұнда Сәбит ақынның көп білетіндігі, бірақ әлі өз жанрын тауып, айтарлықтай табысқа жете алмай келе жатқандығы мезгіліп тұр. Ал, Т.Молдағалиевке мынадай эпиграмма арнаған:

*Жиырмада «жетіммін» деп жылаған,  
«Жыладың» деп талай сыншы сынаған...  
Отызда да «жетіммін!» деп жылаған,  
Ол кезде де талай сыншы сынаған...  
Қырықта да «жетіммін» деп жылаған,  
«Қойсаңшы» деп талай сыншы сынаған.  
Ақ «Волгамен» аңыратып жүрсе де,  
«Жетілдім» деп айтпай қойды-ау, Тұмағаң [4; 59].*

Автор Тұманбай ақынның лирикасында өзінің қиын жылдардағы ауыр балалық шағын жырға қосудың, жалпы өз тағдырын жырлаудың көп кездесетіндігін оқырманға әшкере қып, ылғи осылайша жырлау жөн болар ма екен дегенді аңғартып отыр.

Садықбек Адамбековке

*Бұл Сәкең бұрыл шашты бала кісі,  
Келмейді жасын әсте санағысы.  
Ойнайды Жұбағаңмен жиеніндей,  
Сырағаң сияқты бір нағашысы...  
Жұрнақтай қалып қойған сал-серіден,  
Қыздарды қытықтайды таңсәріден.  
Тогышар қарын көрсе қалтарыста  
Тіледі сатираның семсерімен!...  
Ақтарып дала жайлы қалаға сыр, —  
Төрінде Шығайбайдың салады асыр.  
Түкіріп аузына Алдаркөсе,  
Бергендей ақ батасын Қожанасыр! [4; 140] —*

деп Жарасқан Әбдірашев Садықбек Адамбековтың адамгершілік, азаматтық тұлғасын сатиралық шумақтар арқылы ашып көрсетеді. Ақын Садықбектің сатирадағы өткір сыншы екенін айтады да, дархан даланың сан-алуан құпиясын қала халқына ашып көрсететіні жайлы, Шығайбайдай сараң берместерді сынға алатынын да бір Адамбековтың бойында Алдаркөсенің айналасы, Қожанасырдың сыртқа аңқау көрінгенмен, іштегі шебер тапқырлығы үйлесіп жатқандығын шебер көрсете білген.

Тахауи Ахтановқа

*«Қаһарлы жылдар» қалды артта,  
«Сөнбесін, — дейді шырағың!»  
«Ант» беріп адал болмаққа,  
Тастайды сосын ұранын!  
Жүзінен ыстық от ұрып,  
Жүзесің асқақ сезімге!  
Өзгені мақтап отырып,  
Ұмытпайды әсте Өзін де.  
Саңқылдап даусы қуатты,  
Мінбеге шықса атып кіл,  
Ақтөбе қысы сияқты  
Алады «борандатып» бір!  
Жасындай соғар сөздері,  
Жан дейсің неткен діні тік.  
Сынаған кезде өзгені —  
Кетеді Өзін ұмытып [4; 138], —*

деп ақын жазушы Тахауи Ахтановтың болмыс-қасиетін барынша ашып көрсетеді. Сонымен қатар Ахтановтың бойындағы бірнеше жақсылық және өзімшілдік қасиеттерін айтып, реалистік шумақтар өреді. Атап айтар болсақ, Тахауидың отаншылдық және елжандылық, өзгені батыл сынайтын қасиеттерін мадақтаса, ақын өзгені мақтай отырып, өзін де ұмытпайтын өзімшілдік және өзгені сынаған кезде өзін әсте ауызға алмайтынын кездерін ашып көрсетеді.

Сырбай Мәуленовке

*Бұл күнде біздің Сырағаң –  
Молладан бетер бір адам.  
«Ақырған ащы су» түгіл,  
Татпайды тіпті сырадан.  
Зауқы жоқ мүлде сусынға,  
Өзінің өзі уысында...  
Жырының, бірақ, қызуы  
Баяғы гра-  
ду-*

*сын-*

*да! — деп [4; 142].*

Жарасқан Әбдірашев ХХ ғасырдың сыршыл ақыны Сырбай Мәуленовтың бір сәттілік көңіл-күйін бейнелейді. Бұнда ақын бір кездері шарапты судай сіміріп жүрген Сырағаңның аяқ астынан молданың шапанын кие қалғанына таңырқайды да, сосын жаман ащы суды тастаған ағасына риза болып, өлеңдегі шабытының әлі баяғы градусынан қайтпағандығына тәнті екенін айтады.

Сафуан Шаймерденовке

*Жалғыз роман,  
Жалғыз қыз «Инеш» еді,  
Жалғыздықпен қанша жыл күй кешеді?  
Битабарды өзіне тең санамай,  
Кемпір болды сарғайған кимешегі...  
Жазғаныңнан,  
Жазбағың көп қой әлі...  
Бойыңдағы оянып от баяғы, —  
Инешіңіз оқыған қыз емес пе:  
«Интеллигент шал керек!» деп қояды... [4; 139].*

Ақын, жазушы Сафуан Шаймерденовтің біраз жасқа келсе де жалғыз романнан басқа көлемді шығарманы өмірге әкеле алмай жүргенін сынға алады. Сыншы жазушыны сынға ала отырып, оның бойындағы үлкен талант пен білімнің алда әлі талай жақсы дүниелерді өмірге әкелетініне сенім білдіреді.

Тұрсынхан Әбдірахмановаға

*Алдымен әнші болған,  
Атын сол шығарған.  
Содан соң әкім болды  
Одан соң ақын болды  
Ақыры ғалым болды,  
Атағы мәлім болды...  
Өзінен сұрап білмекпіз:  
танысақ екен «Кім?» деп біз [4; 141].*

Сатирик Жарасқан Әбдірашев Тұрсынхан Әбдірахманованың бойындағы көп қырлылық қасиеттерін сатиралық өткір теңеулер арқылы аша білген. Тұрсынханның өмір жолын әншіліктен бастағанын, әрбір дүниенің басын бір шалып, соңынан ғалымдыққа талаптанғанын құптаған сияқты айтқанымен, астыртын кекесін-мысқыл жатқандығын аңғару қиын емес.

Темірбек Қожакеевке

*«Генерал не болар?»  
«Сатира жаз!»  
Өкірт тегі...—  
деп берсе де бұйрық көп.  
Даярлаған шәкірттері,  
Шығып жатыр «Лирик» боп.*

*Алдын алар амал қайда,  
Арты мұның не болар?!  
Сонда Темкең саналмай ма,  
Сарбазы жоқ Генерал?! [4; 320].*

Сыншы-ғалым Темірбек Қожакеевтің қазақ әдебиетінің сатира жанрын зерттеудегі үлкен еңбегіне ақын риза екендігін айтқанмен, осы жанрда жазатын және зерттейтін шәкірттер тәрбиелей алмай келе жатқандығын жыр шумақтары арқылы ескертеді. Қожакеевті «сарбазсыз Генералға» теңеуі «Шәкіртсіз — ұстаз тұл» деген мақалға сайып келеді.

Жарасқан Әбдірашев бұл жинағында сонымен қатар елі үшін еңбек етіп жүрген, тарихи-мәдени өмірде өзгеше серпіліс жасап, әдебиет, өнер қайраткерлеріне айрықша қамқорлық көрсетіп, түсінік-түйсік, пайым-парасатын сезінгендіктен, Иманғали Тасмағамбетовке:

*Бітірем деп ұлы іс бір,  
Болған әкім,  
Министр –  
Білем талай Ғалиды!...  
Біледі... Жұрт таниды!...  
Сен де оларды танысың!  
Бірақ...  
Сен солардың ішінде –  
Иманы бар Ғалисың!... [4; 255] —*

деп эпиграмма жазған. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа да мынадай эпиграмма арнаған:

*Жер бетінде — Бір сұлтан!  
Жалғыз сұлтан — Нұрсұлтан!  
Жасамайық тым тарлық,  
Аздық қылар — сұлтандық!  
Сол ғой қазір — төбе би,  
Деген ләзім — «Төле би!»  
Керек еді бір шын хан!  
Сол шын хан кім?  
Нұрсұлтан! [4; 243] —*

деп Елбасының асыл қасиеттерін ашып айта отырып, сан ғасыр отаршылдықты басынан кешірген, өз басшысынан, өз биінен күн кешкен елдің тәуелсіздік алған тұсындағы ақыл берер, болашаққа ақжол нұсқар бір сұлтаны, қазіргі заманның Төле биі елдің ханы керек екенін айтады және сол ханның, сол сұлтанның, сол бидің Нұрсұлтан Назарбаев екенін даусыз ашып көрсетеді.

Жарасқан Әбдірашев көбінесе эпиграммаларын ақын, жазушылардың сырттай байқалған әдет-дағды, мінез-құлықтары туралы жазады. Мысалы, Б.Ысқақовтың жинақ құрастырумен көп айналысатынын, Қ.Қайсеновтың алып қашпа сөзге көп елеңдемейтінін, Ғ.Қайырбековтың еңбекқорлығын, Н.Ғабдуллиннің Одақтан қол үзіп кеткенін, А.Шамкеновтың дастанға ойысып, лирикадан сырттағанын, Ә.Әшімовтың Одаққа қайта оралғанын, Т.Тобағыловтың саяқ жүретінін, М.Әбдіхалықовтың «Жұлдыздан» кетіп қалғанын, С.Оспановтың даукестігін, А.Мекебаевтың артық адамсынуын, Қ.Ілиясовтың ұрыншақтығын, С.Әшімбаевтың замандас, қаламгер туралы пікір айтпайтынын, С.Байқононов пен С.Асылбековтың әдебиетке келгенін хабарлайды.

Ж.Әбдірашевтің «Жаппар Өмірбеков пен Саттар Сейітқазинге», «Сейіт Кенжеахметов пен Көпен Өмірбековке», «Серік Байқононов пен Серік Асылбековке», сондай-ақ бір топтап жазған Мұзафар Әлімбаев, Қастек Баянбаев, Құрманбай Толыбаев, Әдібай Табылдиев, Ермек Өтетілеуов, Сұлтан Қалиевке арналған эпиграммалары бар.

Ж.Әбдірашевтің М.Қаратаевқа, С.Сматаевқа, К.Ахметбековке, К.Сегізбаевқа арналған эпиграммалары негізінен монологке негізделсе, М.Шахановқа, К.Ахметоваға, Е.Елубаевқа, А.Асылбековқа жазғандары диалогке құрылған. Эпиграммаларда халық әдебиетінің де үлгілері қолданыла береді. Мысалы, К.Өмірбековтың К.Ахметоваға арнаған эпиграммасы ауыз әдебиетіндегі бесік жырын еске түсіреді.

Жанрдың аса ықшам, қысқа болуы эпиграммадағы жеке сөз, жеке көркемдік детальге үлкен мазмұн, зор эмоционалдық салмақ беруді, аз сөзбен бай пікір, мол мағына айтуды талап етеді. Соны

дәл жеткізе алатын, тиімді де орынды тіл құралдарын таба қою үшін мол тәжірибе, үлкен шеберлік қажет. Бұл орайда Ж.Әбдірашевтің бірсыпыра ізденістері бар. Мысалы, «Нысаналин Аян — аты жұртқа аян», «Әкім де (Әшімов) бір кездері әкім болған», «Медеу аға (Сәрсекеев) Қанышты медеу көріп келеді», «Қайраттың (Жұмағалиев) қалам сілтесі — ойыны сынды «Қайраттың», «Момышұлы атанғанның емес бәрі тегіс ұлы», «Қайдасың сен Надежда (Лушникова), Қасиет қой ғажайып, болашаққа надежда, бара жатыр азайып», «Көп зерттеп Шығысты, ақындармен шығысты», «Төлеу (Шаханов) керек болады, ақы-пұлын қолма-қол төлеу керек болады» деген ұйқастар табылған каламбур. Ал Қалижан «От шашады мұртынан», Хамит — құрыққа алдырмаған Ақжал асау, Жұбанмен әзілдесу «мұртымен арыстанның ойнағандай» дегендері — бейнелі сөздер, сәтті де әсерлі теңеулер.

Ақын кейде шығармалардың атын, авторларының фамилиясын ұйқастырады. Мысалы, *Тілегенов — дүреленіп — міне келіп, Бас әріпті — аса мықты — Асановты, Төлепберген — бөлек төрден — елеп көрген, дауы түк те — жауы тіп те — Дәуітовке, Сырағаң — бір адам — сырадан, Төлеген — көреген — елеген, шағын етіп — Нығыметов, алған үйіп — Серғалиев деген сияқты.*

Ж.Әбдірашев көбіне жеке ақын, жазушыларға қайырымды қабақ танытып, қош көңіл білдіріп отырады. Сондықтан оның үнінің ауаны негізінен әшкерелеу емес, әзілге сүйеп наз айту, қалжыңға қарай қисайтып, «қытықтау», достық рәуіште іш тарту болып келеді.

Эпиграмmanın өзегі — сөзді ойната білу, тапқырлық, қысқа да болса нұсқалық болса, осы шарттар толығымен Жарасқан поэзиясында сәтімен үйлескен. Әр қаламгердің мінезін, қасиетін дөп басып, дәл тану эпиграмма жазушыдан үлкен шеберлікті қажет етеді. «Бірде тауып, бірде қауып» айту да абырой әпермейді. Сондықтан үнемі шеберлік шеңберінен шықпай нысанға алынған кейіпкерді жете тану үшін де қырағылық пен сезімталдық қажет.

Жарасқан Әбдірашевтың эпиграммаларының «теп-тегіс, жұмыр» болып келуі ақынның тіл ме ойға жүйріктігін дәлелдей түсетін мысал. Эпиграммалардағы мінездеулер де көркем әдебиет талабына сай эстетикалық-этикалық қарым-қатынастарды естен шығармайды. Сондай-ақ әр қаламгердің өзгеден бөлекше мінезі, іс-әрекеті туралы айтыла отырып, кейбірінің айрықша қастерлер, кейбірінің өзгеге ұнай қоймас әрекеттері де көркем тіркестермен көрініс табады. Мысалы, Ә.Әбішевті

*Жай уақытта — жайдары,  
Жиналыста — ашулы,  
Серттен тайса, хас мықты  
Семсер сөзбен тіледі.  
Күні жеткен «бастықты»  
Күні бұрын біледі [4; 134], —*

деп сипаттаса, Ә.Сәрсенбаевқа

*Айналасы тұрған соң сыйға тұнып,  
Атақ үшін жатпайды ми қатырып.  
Шамырқанған шабыттың қызуынан  
Шаштың өзі қалғандай ширатылып [4; 135], —*

деген жолдарды арнайды. Бұл тұста Жарасқан тапқырлығы кейіпкерінің сырт бейнесіндегі ерекшелікті мінезіндегі ерекшелікпен байланыстырып бере білуінде. Белгілі ақын Қ.Бекқожин туралы:

*Асыл болса — сыртынан мақтасады Қалекең  
Ашуланса — мұртынан от шашады Қалекең!  
Ұнадың ба — соңыра ұмытпайды Қалекең!  
Сынадың ба — оны да ұмытпайды Қалекең! [4; 135], —*

деп кезекті қайталау үлгісі арқылы кейіпкерінің мінезін танытады. Ақынның үлкендерге қарата жазылған эпиграммаларына кішілік ізет тән болса, құрдастарына келгенде әзілдің уыттысы мен өткірін қару қылып жұмсайды, міні болса, оны да айналып өтпейді. Темірхан Медетбековке арналған эпиграммасында оның ақындық қасиеті тайға таңба басқандай анық, дәл сипатталған:

*Зымыран деген бір құс бар  
Жұмыртқасы темірден.  
Темірхан деген «білгіш» бар,  
Темірден өлең «кемірген».  
Табатын тосын түрді не,*

*Уақыттан, рас, ұста жоқ,  
Қаламы — құрыш сүргі де,  
Ал, өзі — бейне станок.  
Жатқанмен өнім алынып,  
Аңдаған көзге қырағы:  
Тұрады көзге шалынып,  
Жонылмай кеткен «брагы» [4; 216].*

Нысанаға ілініп отырған ақынның шығармашылық бітімін берудегі тапқырлыққа талас жоқ. Шындығында, поэзиямызға жаңа түр әкелу жолындағы үлкен ізденісте жүрген Темірхан ақынның бұл саладағы алғашқы барлаулары түгелдей жетістікке толы деп айта алмаймыз. Соңғы жылдары «көктүріктер сарыны» түрінде жазылып жүрген өлеңдері ақынның бұл түрді тереңдей меңгергенінің, стилінің қалыптасып, шынайы шеберлікке жеткендігінің куәсі болғандығын байқаймыз.

Жарасқанның эпиграммаларынан көркемдік құралдардың сан алуанын көреміз. Мысалы, қайталаудың әдемі поэтикалық өрнегін көптеп кездестіреміз. Мұнда қайталау адамның мінез болмысын жеткізуде ерекше орынға ие. Фольклордағы дәстүрлі қайталаулар эпиграммаларда сәтті көрініс тапқан. Бұл мақсатты қолданыстан көркемдік мазмұн тереңдеген. М.Қаратаевқа арналған эпиграммадағы:

*– А.С.Пушкин бола алмасаң — саған серт,  
Белинский бола алмасам — маған серт!  
– М.Әуезов бола алмасаң — саған серт,  
Қаратаев бола алмасам — маған серт! [4; 136]*

Қ.Бекхожинге арналған:

*Асыл болса — сыртынан мақтасады Қалекең!  
Ашуланса — мұртынан от шашады Қалекең! [4; 136], —*

деген жолдардағы қайталаулар арналған адамның бейнесін танытуда маңызды орынға ие болып тұр. Ғ.Қайырбековке арналған эпиграммада ақын есімінің «Ғафекең» түрінде қайталанып келуі әдемі әзіл мен тұспалды аңғартады:

*Теледидарды ашып қалсаң — Ғафекең,  
Радионы басып қалсаң — Ғафекең,  
Журналдарды парақтасаң — Ғафекең,  
Газеттерді қарап қалсаң — Ғафекең,  
Дунай бойлап араласаң — Ғафекең,  
Думан-тойға бара қалсаң — Ғафекең!  
«Мына біреу оңашалау кафе екен»  
деп кіріп ем... мұнда да отыр Ғафекең! [4; 152].*

Кейіпкер есімін қайталау Ш.Мұртазаға арналған эпиграммасынан да орын алған:

*Кей уақытта Шерағаң —  
Аш бурадай жараған...  
Кей уақытта Шерағаң —  
Өңін бермес өр адам...  
Кей уақытта Шерағаң —  
Қаһарлы қыс бораған.  
Кей уақытта Шерағаң —  
Жайма-шуақ сері адам... [4; 153].*

Қайталау мұнда мінез құбылыстарын әсерлей жеткізу үшін маңызды болып келеді. Эпиграмманың жанрлық ерекшелігі — тапқырлық, сөзді ойнату болса, Ж.Әбдірашев сөз ойнатудың негізгі тәсілін қайталау түрлері арқылы жүзеге асыра білген. Ақынның эпиграммалардағы қайталаулары айшықтаудың бұл түрінің көркемдік жүйедегі зор мүмкіндігін көрсетеді.

Ж.Әбдірашев тілінің шешендігі, нәзік иірімдері мен суреттілігі дыбыстық қайталау, сөз қайталау тәсіліне барынша жақын, үндес келіп жатқандығына басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады. Лирикалық қаһарманның мінезі мен болмысы, сезім күйлерін бейнелеп жеткізуде айшықтаудың бұл түрі (қайталау, оның ішінде дыбыстық қайталау) біз талдау нысанына алып отырған ақын шығармашылығының кеңірек қарастырар бір өзегі. Қайталаулармен бірге егіздеу үлгілері де Жарасқан өлеңдерінен көптеп ұшырасады. Синтаксистік параллелизм «ақынның тілі мен стиліне айтарлықтай ажар береді, өрнек төгеді, нәтижесінде өлеңге кәдімгідей кенеулі күй, сүйкімді әуез

бітіреді» [5], — деп, академик З.Қабдолов айтқандай, Ж.Әбдірашевтің өлеңдерінен маңызды орын алып, әдемі өрнектерімен көрінген.

Ж.Әбдірашевтің теңеулерді қолданудағы ерекшелігін эпиграммаларынан көруге болады. Тахауи Ахтановқа арналған эпиграммасында кездесетін

*Ақтөбе қысы сияқты  
Алады борандатып бір...  
Жасындай соғар сөздері,  
Жан дейсің неткен діні тік [4; 138], —*

түріндегі теңеулер кейіпкер мінезін танытуға қызмет етіп тұр. Сондай-ақ Жұбан Молдағалиевті сипаттағанда ақын

*Болатын Жұбағаңмен әзілдесу —  
Мұртымен арыстанның ойнағандай [4; 137], —*

дейді. Ал, партизан Қасым Қайсеновтің болмысын танытуда төмендегідей теңеу қолданылған:

*Аш бурадай жараған  
Қайыспас қара нар адам [4; 148].*

Бұл — ауыз әдебиеті үлгілерінде көп кездесетін дәстүрлі теңеу түрі. Ақын нысанға алған кейіпкерінің мінез-бітімін ашу үшін теңеудің бұл түрін мақсатты түрде пайдаланған. Осы теңеу Шерхан Мұртазаға жазылған эпиграммасында пайдаланылған:

*Кей уақытта Шерағаң —  
Аш бурадай жараған... [4; 153].*

Осындай дәстүрлі теңеу Қалтай Мұхаметжановқа арналған эпиграммадан кездеседі:

*Қазақтың Қалтай Мұхамеджановы —  
(Қалтай Мұхамед сияқты анығы)  
Қарағайға қарсы біткен бұтақтай! [4; 150].*

«Қарағайға қарсы біткен бұтақ» — ауыз әдебиетінде көп ұшырасатын бейнелі тіркес. Ақын осы тіркесті теңеуге айналдыру арқылы әзіл арнаған кейіпкерінің өзіндік болмысын айғақтайды. Сондай-ақ дәстүрлі тіркеске жалғаса ақын тілінің өрнегіне ғана тән тың теңеулер де қолданылып, қаламдас ағаның мінезін терең таныта түсу мақсатында жұмсалған:

*Көп оқыған кітаптай,  
Мұқабасы мыж-мыж болғанымен  
Мазмұнын құдай қойған жұтатпай [4; 150].*

Бұл келтірілген үш жол тұтастай теңеуге мысал. Кәдімгі сөйлемге айналдырсақ, «мұқабасы мыж-мыж болғанымен мазмұны жұтамаған кітаптай» болып шығады. Яғни өлең жолдарын толығымен ақын стиліне тән ұлғайған теңеу деген пікірдеміз.

Ұлттық поэзиямыздағы ішкі жанрлық түрлерді дамытуда, соның ішінде эпиграмма жанрының нағыз поэтикалық биіктен көрінуінде Ж.Әбдірашевтің сіңірген еңбегі зор. Жанрдың заңдылықтарын толық сақтай отырып, оны ұлттық ерекшелікке сай туындатуда, зор мүмкіндігін анықтауда ақын әкелген жаңалық мол. Эпиграмма жанрының дамуында өзіндік орны бар Ж.Әбдірашевтің шығармаларынан тың стильдік ізденісті, айқын ұлттық бояуды көруге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кожакеев Т. Сатира негіздері. — Алматы: Санат, 1996. — 132-б.
- 2 Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. — 2-т. — Алматы: Атамұра, 1998. — 33-б.
- 3 Блеқақұлы Д. Сын өнері. — Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. — 271-б.
- 4 Әбдіраштың Жарасқаны. Құлпығас, немесе екі дүние: фәниден бақиға дейін. — Алматы: Атамұра, 2001. — 359 б.
- 5 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Жалын, 1992. — 142-б.

Ж.Ш.Жумагельдин

### **Стилистические особенности эпиграммы Ж.Абдирашева**

В статье рассмотрены стилистические особенности, структура эпиграмм, их содержание, языковые особенности поэтического наследия одного из талантливейших поэтов казахского народа — Жараскана Абдирашева. Предметом анализа стали не только художественные особенности эпиграмм, разных лет, но и проблемы развития жанра эпиграммы как одного из ведущих жанров в казахской национальной поэзии, в частности, рассмотрены закономерности создания жанра эпиграммы, особенности выражения национального сознания и менталитета, поэтическое мастерство автора.

Zh.Sh.Zhumageldin

### **Stylistic features of the epigram of Zh.Abdirashev**

There is in the article considered stylistic features, structure of epigrams, their contents, and language features of poetic heritage of one of the most talented poets of the Kazakh people — Zharaskan Abdirashev. Subject of the analysis is not only the features of the epigrams, of different years devoted to the Kazakh persons. but also there is considered problems of development of a genre of the epigram as one of leading genres in the Kazakh national poetry, in particular, regularities of creation of a genre of the epigram, feature of expression of national consciousness and mentality, poetic skill of the author. There is tracked the originality of epigrammy heritage of Z.Abdirashev and a contribution of the poet to formation and development of a genre of the epigram in the Kazakh literature.